



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ  
ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



**«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ  
ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫНЫҢ  
2019 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ  
ЕСЕБІ**



Түркістан қаласы 2019 жыл

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
<b>I. МЕКЕМЕ ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ</b>	
1.1. Негізгі қызметі	
1.2. Келушілерге музей жұмыс тәртібінің уақыты	
1.3. Басшылық	
<b>II. ҚОРЫҚ- МУЗЕЙДІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ</b>	
2.1. Келушілер саны	
2.2. Экскурсиялар саны	
2.3. Дәрістер саны	
2.4. Көрмелер	
2.5. Археологиялық жұмыстар	
2.6. Қор сақтау және құжаттау жұмыстары	
2.7. Ескерткіштер саны	
2.8. Иміздік өнімдері	
<b>III. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ</b>	
3.1. Ғылыми шаралар ұйымдастыру және оларға қатысу	
3.2. Ғылыми кеңес отырыстары	
3.3. Ғылыми кітапхана ісі	
<b>IV. ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ</b>	
4.1. Бюджеттен бөлінген қаржы	
4.2. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы	
4.3. Қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден түскен қаржы	
<b>V. ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР</b>	
5.1. Кадрлық қызмет	
5.2. Мекеме штаты туралы	
5.3. Шаруашылық жұмыстар	
5.4. Материалдық – техникалық базасы	
5.5. Ғимарат туралы мәліметтер	
5.6. Меншіктегі автокөлік	
<b>V. ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР МЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР</b>	
5.1. Ғылыми мақалалар	
5.2. Танымдық мақалалар	
5.3. Ақпараттық мақалалар туралы мәлімет	



## **I МЕКЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

### **1.1. Негізгі қызметі**

Музей қызметінің мәні тарихи және мәдени маңызы бар археологиялық және сәулет ескерткіштерін сақтау болып табылады.

Мекеме мақсаты – тарихи-мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын объектілерін насихаттау, зерттеу, анықтау, сақтау және қорғау.

Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Мемлекеттік мекеменің аумағында орналасқан ұлттық мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын ескерткіштерін анықтау, қорғау, зерттеу, консервациялау, қалпына келтіру және пайдалану;
- Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы бағдарламаларды, жобаларды әзірлеу, тиісті тәртіпке сәйкес бекіту, іске асыру;
- Жергілікті атқарушы органдар бекіткен тарих және мәдениет ескерткіштер тұрған аумақта құрылыс салу жоспарын реттеу;
- Мемлекеттік мекеме аумағында жүргізілетін құрылыс, қалпына келтіру және археологиялық қазба жұмыстарына уәкілетті органның рұқсаты болмаған жағдайда тиым салу, уақытша тоқтату;
- Монографиялар, ғылыми еңбек жинақтары, мақалалар, каталогтар және жол сілтеуші басылымдарды баспаға ұсыну, мерзімді баспа өнімдерін шығару;
- Мемлекеттік мекеме қорында және оның аумағында орналасқан жылжымалы және жылжымайтын тарих және табиғат ескерткіштері экспозициясының сақталуын қамтамасз ету;
- Тарихи-мәдени мұраны насихаттауға және таратуға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Қорды ғылыми өңдеу, музей қызметінің негізгі бағыттары мен ғылыми тұжырымдамасын дайындау;
- Ескерткіштердің меншік иелерімен және пайдаланушыларымен қорғау міндеттемелерін, қорғау келісім шарттарын жасау;
- Отандық және шетелдік ұйымдармен жүзеге асырылатын ғылыми және мәдени бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;
- Тарих және мәдениет мәселелері бойынша ғылыми және ғылыми практикалық конференциялар, семинарларды дайындау және өткізуді ұйымдастыру;
- Музейлік құны бар заттарды жинау және насихаттау мақсатында тарихи-тұрмыстық, археологиялық, этнографиялық экспозициялар, ғылыми іс-сапарлар ұйымдастыру және өткізу;
- Ғылыми, есептеу-сақтау жұмыстарын және қозғалатын және қозғалмайтын тарих және мәдениет ескерткіштерінің, сондай-ақ, өзге де мемлекеттік мекеме аумағындағы мәдени құндылықтардың мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ету;

### **1.2.Музейге келушілерге жұмыс тәртібінің уақыты: 9:00 - 18:00**

Музей кеңсесінде демалыс күндері: сенбі, жексенбі

Музейлер демалыссыз жұмыс жасайды.


### **1.3. Музей директоры – Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы**



## II ҚОРЫҚ – МУЗЕЙГЕ 2019 ЖЫЛҒЫ КЕЛУШІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### 2.1. Музейге келушілер саны – 1 148 426 адам.


№	Музейге ақылы негізде келген қонақтар	Музейге ресми келген қонақтар		Көрме, іс-шараларға келген қонақтар	Үкаша ата кесенесі	Жүсіп ата кесенесі	Гаухар ана кесенесі	Сауран қалашығы	Барлығы
		Қазақстандық	Шетелдік						
Қаңтар	14 503	1 290	87	2 712	2 158	175	2 303	217	<b>23 445</b>
Ақпан	14 395	2 359	66	5 495	2 025	192	2 314	256	<b>27 102</b>
Наурыз	44 478	26 319	77	37 198	11 175	800	17 310	6 311	<b>143 668</b>
Сәуір	61 597	16 751	708	24 097	17 645	963	20 819	13 327	<b>155 907</b>
Май	56 213	19 509	871	26 009	21 695	2 311	25 766	16 165	<b>168 539</b>
Маусым	34 736	44 535	2 100	14 070	19 935	1 675	21 540	6 850	<b>145 441</b>
Шілде	27 718	28 920	1 116	2 960	17 536	1 054	22 030	5 760	<b>107 094</b>
Тамыз	41 606	33 019	1 528	2 911	18 915	1 130	23 360	15 817	<b>138 286</b>
Қыркүйек	22 612	15 017	1 461	9 985	9 437	758	14 145	2 675	<b>76 090</b>
Қазан	26 469	7 843	304	3538	10 615	486	17 789	4 912	<b>71 956</b>
Қараша	20 717	5 481	251	1891	8 945	355	16 692	4 238	<b>58 570</b>
Желтоқсан	13 439	2 962	67	9339	2105	221	1325	2875	<b>32 328</b>
<b>Бар/ғы</b>	<b>378 483</b>	<b>204 005</b>	<b>8 636</b>	<b>140 205</b>	<b>142 186</b>	<b>10 120</b>	<b>185 393</b>	<b>79 403</b>	<b>1 148 426</b>





Музейге ақылы негізде келушілердің жалпы көрсеткіші:

№	Айлар	Ересек	Балалар	Студент	Шетел	ТМД	Қор-ды
1	Қаңтар	11 060	2666	408	71	298	14 503
2	Ақпан	11 445	2589	-	54	307	14 395
3	Наурыз	34 448	4737	3820	254	1219	44 478
4	Сәуір	33 373	24 036	749	465	2974	61 597
5	Мамыр	35 982	16 232	2134	1160	705	56 213
6	Маусым	27 550	-	5122	899	1165	34 736
7	Шілде	22 424	-	3917	369	1008	27 718
8	Тамыз	33 313	-	6069	747	1477	41 606
9	Қыркүйек	15 292	2038	2167	963	2152	22 612
10	Қазан	17 320	3047	3375	778	1949	26 469
11	Қараша	15 046	1501	2968	317	885	20 717
12	Желтоқсан	10 035	1265	1788	78	273	13 439
<b>Барлығы</b>		<b>267 388</b>	<b>58185</b>	<b>32517</b>	<b>6155</b>	<b>14412</b>	<b>378 483</b>




**2.2. Экскурсиялық көрсеткіштер:**

Экскурсиялар саны – 7 705  
 Қатысқан адам саны – 176 981  
 Оның ішінде ересектері – 120 357  
 Жастар (балалар, оқушылар) – 41 519  
 Студенттер – 7 473  
 Шетелдіктер – 1 921  
 ТМД – 5 711

№	Айлар	Экс. топ	Ересек	Студент	Балалар	Шетел	ТМД	Қор-ды
1	Қаңтар	398	3833	-	611	14	22	4480




2	Ақпан	343	5793	-	1156	22	68	7039
3	Наурыз	744	14156	782	9256	110	182	24 486
4	Сәуір	672	13 290	809	7230	65	688	22 082
5	Мамыр	862	14 956	1269	4551	164	313	21 253
6	Маусым	856	15 937	267	5630	191	421	22 446
7	Шілде	756	12 570	496	3131	103	310	16 610
8	Тамыз	953	15 361	910	2907	240	544	19 962
9	Қыркүйек	674	8880	355	1355	277	977	11 844
10	Қазан	824	8 539	1 140	3 777	594	1588	15 638
11	Қараша	<b>623</b>	7042	1445	1915	141	598	11141
12	Желтоқсан	<b>610</b>	5213	985	724	58	154	7134
<b>Барлығы</b>		<b>7705</b>	<b>120357</b>	<b>7473</b>	<b>41 519</b>	<b>1921</b>	<b>5711</b>	<b>176 981</b>



### 2.3. Лекциялар саны

Жылдар	2015	2016	2017	2018	2019
Лекциялар саны	129	233	226	221	226



#### 2.4. Көрмелер

Жылжымалы және тұрақты көрмелер саны – 70


Музейде – 18

Музейден тыс - 52

Кітап көрмелері – 28

Халықаралық көрме - 3

#### КӨРМЕЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



№	Мекеме атауы	Көрме тақырыбы	Өткізілген күні	Қатысушылар саны
1	«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени	ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз орталығында «Түркістандағы тарихи орындардың жаңғыртылуы» тақырыбында фото көрме Астана қаласы	10 қаңтар	37
2		Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры»	11 қаңтар	52



	<b>қорық-музейі</b>	мақаласы аясында «Ұлы даланың жеті қыры» атты фото және кітап көрмесі		
3		Түркістан қаласындағы №8 жалпы орта мектебінде «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында көрме-лекция	15 қаңтар	40
4		«Қорық-музейдің серпінді жобалары» тақырыбында көрме	18 қаңтар	2105
5		Түркістан қаласындағы №26 жалпы орта мектебінде «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында көрме-лекция	22 қаңтар	42
6		Халықаралық зергерлер күніне орай «Зергердің қолы алтын» тақырыбында көрме	29 қаңтар	53
7		«Әдебиет пен тарихтың телқоңыры» тақырыбында көрме	08 ақпан	32
8		««Мамандығым – мақтанышым»» тақырыбында көрме-лекция	15 ақпан	52
9		Түркістан қаласындағы №31 Абай атындағы жалпы орта мектебінде Қ.А Ясауи кесенесінің тарихы тақырыбында көрме-лекция	20 ақпан	40
10		Түркістан қаласындағы №3 Хамза атындағы жалпы орта мектебінде «Әмір Темір жайлы деректер» тақырыбында көрме-лекция	20 ақпан	42
11		Түркістан қаласындағы №26 жалпы орта мектебінде «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында көрме-лекция	22 ақпан	42
12		Түркістан қаласындағы №26 жалпы орта мектебінде «Тайқазанның тарихы, елге оралғанына 30 жыл» тақырыбында лекция	28 ақпан	53
13		Орталық Есім хан алаңында Алғыс айту күніне арналған «Ұлы дала мұралары» тақырыбында көрме	1 наурыз	1325
14		«Н. Төреқұлов атындағы жалпы орта мектебінде «Музей қорындағы сақталған тұмарлар мен бой тұмарлар» тақырыбында көрме-лекция	4 наурыз	27
15		Қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Өңі нұрдан, жаны жырдан жаралған» тақырыбында фото-кітап көрмесі	7 наурыз	146
16		Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына орай Қ.А.Ясауи кесенесінің Кітапхана бөлмесінде «Ер қанаты ат» экспозиция залының ашылуы	18 наурыз	34040
17		«22 наурыз – Ұлсытың ұлы күні» тақырыбында фото-кітап көрмесі	19 наурыз	56
18		№23 жалпы орта мектебінде «Гауһар ана кесенесінің құрылысы» тақырыбында лекция-көрме	09 сәуір	34





19		№6 М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебінде «Түркістан қазақ руханиятының өзегі» тақырыбында лекция-көрме	10 сәуір	28
20		«Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектебінде Түркістан қазақ руханиятының өзегі» тақырыбында лекция-көрме	10 сәуір	35
21		Қ.Сәтпаевтың 120 жылдығына арналған «Қазақтың Қанышы» фото-кітап көрмесі	12 сәуір	48
22		«KITF-2019» туристік көрмесі. Алматы қаласы	17-19 сәуір	16645
23		1 мамыр – Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай «Бірлігіміз жарасқан елміз» мерекелік іс-шара, фото-кітап көрмесі	30 сәуір	200
24		№8 Н.Төрекүлов атындағы жалпы орта мектебінде «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы жеңіс» тақырыбында лекция, фото-кітап көрмесі	08 мамыр	329
25		Академик М.Мырзахметовтың туғанына 90 жыл толуына орай «Абайтанушы ғалым - Мекемтес Мырзахметов» тақырыбында фото-кітап көрмесі	08 мамыр	23
26		Түркістан тарихы музейінде Ә.Марғұланның туғанына 115 жыл толуына орай «Ә.Марғұлан – қазақ археологиясының сардары» фото-кітап көрмесі	18 мамыр	2194
27		18 мамыр – Халықаралық музейлер күні мерекесіне орай Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қазындық бөлмесінде «Музейдің өткені мен бүгіні» тақырыбында фото-кітап көрмесі	18 мамыр	8500
28		Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Мәдениет орталығында «Қасиетті шаһар-Түркі әлемінің бесігі» тақырыбында көшпелі көрмесі	29 мамыр	4866
29		31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым-өткенге тағзым» фото-кітап көрмесі	30 мамыр	25
30		Қ.А.Ясауи кесенесінде 1 маусым - Халықаралық Балаларды қорғау күніне орай «Қасиетті шаһар-балалар көзімен» фото көрмесі	31 мамыр	8526
31		Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазмедиаорталығында өткен «Киелі Түркістан» тақырыбындағы көрме	20 маусым	5720
32		Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Ұлттық музейінде ашылған «Қасиетті Түркістаннан-Нұрлы жолды Нұр-Сұлтанға» тақырыбындағы көрме	25 маусым	8350
33		Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Ұлттық музейінде ашылған «Қасиетті Түркістаннан-	01-25 шілде	2 395



		Нұрлы жолды Нұр-Сұлтанға» тақырыбындағы көрме		
34		«Әзірет Сұлтан» қорық-музейі Түркістан тарихы музейінде «Ұлы дала кемеңгері-Елбасы және Түркістан» тақырыбында фото-кітап көрмесі	2 шілде	48
35		Түркістан қаласы «Балауса» балалар лагерінде Ұлттық домбыра күніне орай «Домбыра-ғұмыр» тақырыбында көрме	4 шілде	150
36		«Әмина» балабақшасында Еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан қаласы күніне арналған «Еңсесі биік – Елорда» тақырыбында фото-кітап көрмесі	5 шілде	50
37		Түркістан қаласы С.Ерубаяев атындағы музейде «Алаштың айбары-ер Сұлтанбек» тақырыбында фото-кітап көрмесі	17 шілде	43
38		Түркістан қаласы «Балауса» жазғы балалар лагерінде «Адамзаттың алыбы – ақын Абай» тақырыбында фото-кітап көрмесі	09 тамыз	250
39		Қарнақ елді мекенінде Тайқазанның құйылғанына 620 жыл толуына орай «Тайқазан тарихы сыр шертеді» фото көрмесі	24 тамыз	1310
40		Ө.Жәнібековтың туылғанына 88 жыл толуына орай Қ.А.Ясауи кесенесінде «Тарихи мұра жанашыры» тақырыбында тақырыптық көрмесі	28 тамыз	980
41		Невада – Семей антиядролық қозғалысының құрылуына 30 жыл, Семей ядролық полигонының жабылуына 28 жыл толуына орай «Ядролық сынақ-мәңгілік жара сыздаған» фото-кітап көрмесі	28 тамыз	50
42		Түркістан тарихы музейінде «Ата заң – кемелділік кепілі» тақырыбында фото-кітап көрмесі	29 тамыз	23
43		Қ.А.Ясауи кесенесінде Тайқазанның тарихи орнына қайта оралғанына 30 жыл толуына орай «Қайта оралған жәдігер» фото-кітап көрмесі	18.09.2019	9 316
44		Түркістан қаласы М.Әбенова атындағы жалпы орта мектебінде Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күні мерекесіне орай «Елім менің жүрегім – тілім менің тірегім» тақырыбында фото-кітап көрмесі	20.09.2019	38
45		Т. Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінде «Түркістан облысының қасиетті, киелі орындары» тақырыбында көрме-лекция	24.09.2019	47
46		Ә.Науаи атындағы жалпы орта мектебінде «Түркістан оазисіндегі ортағасырлық қалалар» тақырыбында көрме-лекция	25.09.2019	34



47		№14 жалпы орта мектебінде Тайқазанның қайта оралғанына 30 жыл толуына орай «Қайта оралған Тайқазан» тақырыбында көрме - лекция	27.09.2019	53
48		Әмір Темір атындағы жалпы орта мектебінде «Қайта оралған жәдігер» тақырыбында фото-кітап көрмесі	01.10.2019	38
49		№19 жалпы орта мектебінде «Тайқазанның қайта оралуына 30 жыл» тақырыбында фото-кітап көрмесі	04.10.2019	55
50		Әмір Темір мектебінде «Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қолжазбалардың эпиграфикасы» тақырыбында көрме-лекция	18.10.2019	54
51		Қ.А.Ясауи кесенесінде «Сыйға берілген жәдігерлер» тақырыбында тақырыптық көрме	18.10.2019	2366
52		Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Мәдениет орталығында «Ясауи мұрасы және Түркістан» тақырыбында кітап көрмесі	18.10.2019	215
53		Шымкент қаласындағы «Салт-дәстүр орталығында Ө.Жәнібеков мұраларына арналған іс-шарада «Дәстүрдің дара діңгегі» тақырыбында тақырыптық көрме	5.11.2019	219
54		№26 жалпы орта мектебінде «Қ.А.Ясауи кесенесінің архитектурасы және жәдігерлері» тақырыбында фото-кітап көрме	12.11.2019	29
55		№22 жалпы орта мектебінде «Қ.А.Ясауи кесенесінің архитектурасы және жәдігерлері» тақырыбында фото-кітап көрмесі	12.11.2019	38
56		«Үкаша ата кесенесінде «Үкаша ата тарихы» фото-кітап көрмесі	13.11.2019	83
57		№9 Некрасов атындағы жалпы орта мектебінде «Тәуелсіздік теберігі-төл теңге» тақырыптық көрмесі	15.11.2019	215
58		Қ.А.Ясауи кесенесінде «Музейге сый» акциясы	20.11.2019	115
59		№24 жалпы орта мектебінде академик, т.ғ.д. Карл Байпақовтың 80 жылдығына арналған «К.Байпақов – археология сардары» тақырыбында фото-кітап көрмесі	21.11.2019	45
60		Түркістан қаласы жасөспірімдер мен балалар орталығында «Ел ертеңін ойлаған – Елбасы» тақырыбында фото-кітап көрмесі	28.11.2019	125
61		Түркістан қаласы №3 Әмір темір мектебінде Халық жазушысы, мемлекет қайраткері Ә.Кекілбаевтың 80 жылдығына арналған «Ұлы даланың дегдар тұлғалары» тақырыбында көрме-лекция	05.12.2019	31



62		Түркістан қаласы №2 Хамза атындағы жалпы орта мектебінде Халық жазушысы, ақын Ф.Оңғарсынованың 80 жылдығына арналған «Өр рухты қазақтың ақын қызы-Фариза» тақырыбында көрме-лекция	05.12.2019	32
63		Түркістан қаласы №16 Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінде «Өркениеттер тоғысындағы Түркістан» тақырыбында көрме	11.12.2019	63
64		Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи кесенесінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік теберігі – төл теңге» тақырыбында көрме	12.12.2019	3 448
65		Түркістан қаласы №16 Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-мәңгілік ел мұраты» тақырыбында көрме	13.12.2019	252
66		Түркістан қаласы М.Әбенова атындағы жалпы орта мектебінде «Музей қорында сақталған тоқыма бұйымдар» тақырыбында көрме	19.12.2019	33
67		Түркістан қаласы тілінде кемістігі бар облыстық мектеп-интернатында «Музей қорында сақталған тоқыма бұйымдар» тақырыбында көрме	19.12.2019	22
<b>Барлығы</b>				<b>115 962</b>

**«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК  
2019 жылы шет елдерде өткізген көрмелер туралы мәлімет**

№	Мекеме атауы	Көрме тақырыбы	Өткізілген күні	Қатысушылар саны
1	«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі	«Ұлы дала мұралары» тақырыбында Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында «Темуридтер тарихы» мемлекеттік музейінде көрме	21 ақпан	3700
2		«Қазақстанның Өзбекстандағы Жылы» аясында «Ұлы Дала мұралары» тақырыбында көрме. Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, «Форумдар» сарайы	15 сәуір	5978
3		Ташкент қаласындағы «Форумдар» сарайында Өзбекстан Республикасындағы Қазақстан жылының жабылу салтанаты аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК-ның «Түркістан жауһарлары» көрмесі өтті.	21.12.2019	2125
<b>Барлығы</b>				<b>11803</b>





«Ұлы дала мұралары» тақырыбында Өзбекстан Республикасы «Тимуридтер тарихы» музейінде 22.02.19 ж



«Ұлы дала мұралары» көрмесі. Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы. Форумдар сарайы. 15.04.2019 ж



## 2.3. Археологиялық жұмыстар

Өзбекстан Республикасындағы Қазақстан жылының жабылу салтанаты аясында «Түркістан жауһарлары» тақырыптық көрме. Ташкент қаласындағы «Форумдар» сарайы

2019 жылдың 1 ақпанында Түркістан археологиялық тобы құрылып қазіргі таңда белгілі тарихи ақпараттарды жинап, солардың негізінде археологиялық зерттеу жұмыстарын бастаған болатын. Археологиялық экспедициясының негізгі мақсаттары:

1. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің аумағында көне қаланың жер асты жолының іздерін табу.
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі белгілі музейлік экспонаты Тайқазанның жасаған жерін және металлургиялық пешін іздеу.

Жер асты жолын іздеу үшін музейдің аумағында бірнеше археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Алғашқы қазба жұмыстары қорық-музей аумағындағы әжетхана мен цитадель қорғаны аралығында жүргізілді.

Екінші жұмысшылар бригадасы Түркістан қаласының орталық «Түркістан Ахмет Ясауи» мешітінің оңтүстік-батыс бетіне орналасқан Ескі Түркістан рабадында қазба жұмыстарын жүргізді.

Үшінші жұмысшылар бригадасы «Әулие Құмшық ата» жер асты мешітінің солтүстік-батыс бетінен, «Қылует» жер асты мешіті бағытында көлденең үш шурф түсірдік.

Төртінші қазба орны «Шығыс моншасының» оңтүстік бұрышынан 20-30м. жердегі шұңқыр орнында жүргізілді.

Бесінші қазба «Қылует» жер асты мешітінің оңтүстік беті мен шығыс бұрышынан түсірілді.



**Тайқазан** құйылған пештің орнын іздеу жұмыстары Қарнақ, Жүйнек, Қарашық елді мекендерінде жергілікті тұрғындар арасында сұрау жүргізуден басталды. Жүйнек және Қарнақ елді мекендері дейінгі аралықта жаяу жүріп, археологиялық топтың мүшелері барлау жұмыстарын жүргізді.





Нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауидің ағасы Садр бабтың бейіті мен оның солтүстік бетінде 2га жерді алып жатқан сақ-үйсін, түркі заманында қалыптасқан, үстін таспен жапқан қорған, обалардан тұратын үлкен қорым табылды.



Сонымен қатар, Қарашық өзені жағасында 2017 жылы табылған кірпіш құю пештерін зерттеу жұмыстары жүргізілді .

Нәтижесінде, №1 қазбадағы пеш орны қайта аршылып, өлшемдері алынды, фотоға түсірілді. Оның шығыс бетінен тағы екі пеш ізі байқалып, көлемі 4x5 м. қазба салынды.



Шекербұлақ ауылы (Қызыл жол) тұрғындары Жұматаев Әбдіназар және Сағындықов Изатулланың көрсетуі бойынша Ермексу өзенінің оң жағалауынан 50-60м жерден екі қазба түсірілді. Қазба барысында пеш орындарына тән шлак, күл қалдықтары шықты. Нәтижесінде бұл маңайда ХІХғ. соңы мен ХХғ. басында бор, әк, ғаныш (алебастр) күйдіретін пеш орындары болғандығы анықталды.



Тағы бір қазбаны Қарнақ ауылының тұрғыны Әнуар Мырзаев ақсақал көрсеткен жерге салдық. Бұл Ермексу өзенінің оң жағасынан 200м жерде, Шекербұлақ бастауына қарама-қарсы орналасқан тіктөртбұрышты биік төбе болатын. Қазба нәтижесінде бұл төбенің мыңдаған жылдар бұрын атқылаған ыстық сулы гейзердің әсерінен қалыптасқандығы анықталды.

Қарнақ ауылы ақсақалдарының айтуымен ауыл ішінен үш жерге барлау шурфы қазылды. Барлық қазба орындарынан табылған шлак пен темір қорпаларының қалдықтары



XIX ғ. тән. Бұл қазбалардың тереңдігі 1,5-1,7м шамасында болды. Одан терең қазуға жер иелері қарсы болды.



## 2.6. Қор сақтау және құжаттау жұмыстары

### Тіркеу және есепке алу жұмыстары бойынша:

Музей қорындағы жәдігерлердің жалпы саны жыл басында 24 420 дана болған, жыл барысында «Музейге сый» акциясы 2 рет өткізіліп, акция барысында түскен заттардың ішінен музейдің қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясының шешімімен 89 дана зат музей қорына қабылданды. Оның 28 данасы негізгі қор есебіне, 61 данасы ғылыми көмекші қор есебіне алынды.

#### 2019 жылы қабылданған жәдігерлер тізімі:

**Археология тобы бойынша: 11-дана Оның ішінде;**

**Негізгі қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-8 дана**

1. Жебе ұшы VI-IV ғғ.
2. Құмыра VII-VIII ғғ.
3. Тас құрал(бифас) б.д.д. 40-35-12-10
4. Тас құрал(бифас) б.д.д. 40-35-12-10
5. Қырғыш тасБ.д.д. 40-35-12-10
6. Өзектас. (нуклеус) Б.д.д 40-35-12-10
7. Құмыралар IX-X ғғ. 2 дана

**Ғылыми көмекші қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-3 дана**

1. Шеге XIX ғ.
2. Балға XIX ғ.
3. Таға бөлігі XIX ғ.

**Этнография тобы бойынша:29-дана Оның ішінде;**

**Негізгі қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-10 дана**

1. Құрақ (кілем орнына тұтылған) XX ғ. басы
2. Құман XX ғ. басы
3. Сырмақ XX ғ. басы
4. Кимешек XX ғ. басы 2 дана
5. Түйме XX ғ. басы
6. Тігу құралдары XX ғ. басы 3 дана
7. Жайнамаз XX ғ. басы

**Ғылыми көмекші қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-19 дана**

1. Құмыра XIX ғ.
2. Үй жихазы XIX ғ.
3. Кілем тақыр XX ғ.
4. Білезіктер XX ғ. басы 8 дана
5. Ұршықтар XX ғ. 2 дана



6. Тарақ (жүн түтетін) XX ғ.
7. Қасық XX ғ.
8. Кесене қыштары 3 дана
9. Тоқпақ XX ғ.

**Нумизматика тобы бойынша: 11-дана**

**Негізгі қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-8 дана**

1. Монета. XV ғ. (Бұхара ақша сарайында соғылған) 1 дана
2. Монета. XV ғ. (Бұхара ақша сарайында соғылған) 1 дана
3. Монета. XVI ғ. (Ясы немесе Ташкент ақша сарайында соғылған)
4. Монета (Бұхара Шариф шекімесі. 1310 ж.)
6. Копейкалар (Ресей империясының 1, 2, 3 копейкалары) 4 дана

**Ғылыми көмекші қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-3 дана**

1. Төсбелгі. (Ұлы жеңістің 50 жылдық мерейтойына жасалған медаль) 2 дана
2. 10000 теңгелік купюра (Н.Назарбаевтың портреті бейнеленген)

**Жазба ескерткіштер тобы бойынша: 38-дана**

**Негізгі қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-3 дана**

1. Кітап. Қолжазба (араб грамматикасы жазылған)
2. Кітап. «Құран Кәрім»
3. Кітап. «Фикул Әқбар» (Әл – Фикул – Әқбар – Имам Ағзам Әбу Ханифа кітабы).

**Ғылыми көмекші қор есебіне қабылданған жәдігерлер саны-35 дана**

1. Кітап. Ғылымқал
2. Кітап. «Аманат»
3. Кітап. Діни кітап Ораза, Зекет, Хаж кітабы. Авторы: Ахмад Һади Мақсуди.
4. Құран кассеталары. 2000 ж. Меккеде басылған. 16 дана
5. Суреттер. Қ.А.Ясауидің әулиелік кереметтеріне байланысты 15 дана
6. Сурет. 1960 ж Қазақтың академик жазушысы Сабит Мұқановтың Түркістан Мақта зауытында түскен суреті.

**Осы қабылданған 89 дана жәдігердің ішінен негізгі қор есебіне қабылданған аса құнды жәдігерлер тізімі:**

1. Жебе ұшы VI-IV ғғ.
2. Құмыра VII-VIII ғғ.
3. Тас құрал(бифас) б.д.д. 40-35-12-10
4. Тас құрал(бифас) б.д.д. 40-35-12-10
5. Қырғыш тас Б.д.д. 40-35-12-10
6. Өзектас. (нуклеус) Б.д.д 40-35-12-10
7. Құмыралар IX-X ғғ. 2 дана
8. Сырмақ XX ғ. басы
9. Монета. XV ғ. (Бұхара ақша сарайында соғылған) 1 дана
10. Монета. XV ғ. (Бұхара ақша сарайында соғылған) 1 дана
11. Монета. XVI ғ. (Ясы немесе Ташкент ақша сарайында соғылған)
12. Монета (Бұхара Шариф шекімесі. 1310 ж.)
13. Кітап. Қолжазба (араб грамматикасы жазылған)
14. Кітап. «Құран Кәрім»
15. Кітап. «Фикул Әқбар» (Әл – Фикул – Әқбар – Имам Ағзам Әбу Ханифа кітабы).

Қазіргі күні музей қорында 24 509 дана жәдігер оның ішінде:

- 13 642 данасы негізгі қор,
- 10 867 данасы ғылыми көмекші қор есебінде тұр.

**2. Жәдігерлер төрт ғылыми классификацияланған топқа бөлінген. Олар:**

Археологиялық жәдігерлер тобы	- 5186 дана	(3120/2066).
Этнографиялық жәдігерлер тобы	- 2726 дана	(2187/539).
Жазба ескерткіштер тобы	- 2957 дана	(632 /2325).
Нумизматикалық жәдігерлер тобы	-13 640 дана	(7703/5937).





3. 24 509 дана жәдігердің 643 данасы музейлер экспозициясында, оның ішінде:
  - 411 данасы негізгі қор
  - 232 данасы ғылыми көмекші қор
4. 23 866 данасы қор сақтау бөлмесінде, оның ішінде
  - 13 224 данасы негізгі қор
  - 10 635 данасы ғылыми көмекші қор
  - 7 дана жоқ зат

Қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясы 2 рет өткізіліп, қабылданған 89 дана заттың ғасыры, өлшемі анықталып, сипаттамасы жасалып, ғылыми жіктелуіне қарай топтарға бөлініп, қабылдау актісі жасалды, бас кітапқа тіркеліп, инвентарь карточка ашылды, толтырылған карточкаларды компьютерге ендіру жұмыстары жүргізілді.

5. Көрмеге шығарылған жәдігерлер саны – 451 дана. Оның ішінде негізгі қордан 349 дана, ғылыми көмекші қордан 102 дана

«Әзірет Сұлтан» кесенесінде өткізілген көрмеге - 270

Қалада өткізілген көрмеге – 108

Республика көлеміндегі көрмеге - 35

Шетелде өткізілген көрмеге - 38

6. Жәдігерлердің ғылыми құжатталуы – 365 дана,  
жәдігерлердің ғылыми құжатталуы жалпы саны – 1969 дана
7. Инвентарлық кітаптың толтырылуы-6285, және электронды тасымалдаушыға тіркелгені –1722, жалпы саны 8007
8. ҚР музей қоры мемлекеттік каталогына енгізуге ұсынылатын жәдігерлердің қазақ және орыс тіліндегі мәліметтерін дайындау жұмыстары жасалып 6 жәдігердің жалпы саны 6438 жәдігердің толық мәліметі жіберілді. Мәліметтер ай сайын «ҚР Ұлттық музейіне» жіберіліп отырды.
9. Музеолог» бағдарламасының базасына-68 ғылыми құжат, жалпы саны-1655 ғылыми құжат ендірілді (Қазіргі уақытта музеологпен жұмыс жасау техникалық себептерге байланысты уақытша тоқтап тұр)

#### **Ғылыми-зерттеу, ақпараттық насихат жұмыстары бойынша:**

- Қор бөлімінің нумизматика тобындағы жәдігерлер негізінде «Музей қорындағы «XIII ғ. Моңғол билігі тұсында соғылған ақша түрлері» атты альбом-каталог толықтырылып қазақ тіліндегі мәтіні, таблицасы суреттерімен баспаға дайындалды.
- «Егемен Қазақстан» газетіне «Темір әулетінің қазыналық құпиясы» тақырыбында мақала дайындалып берілді.
- «Ясауи мұрасы» газетіне және «Әзірет Сұлтан» қорық музейінің ақпараттар порталына қор жәдігерлерін насихаттау мақсатында ғылыми және ақпараттық мақалалар жарияланып отырды. Атап айтқанда:
  - «Ясы-Күлтөбенің күміс дирхемдері»
  - «Мемлекеттілік сананы қалыптастыру - парасыз қоғам бастауы» «Ясауи мұрасы» газетіне
  - «XIII ғ. соңғы ширегінде соғылған Шағатай мемлекетінің күміс дирхемдері мен мыс фельстері»
  - «Сыйға келген жәдігерлер»
  - «Альфих-уль Акбар» тақырыбында
  - «Ораңғай мыс ақшалар көмбесі»,
  - «Арулар таққан сырғалар»
  - «Әзірет Сұлтан» музейіне IX-X ғасырларға тән құмыралар табыстады»
  - «Әзірет Сұлтан» музейіне XV-XVI ғғ. тән нумизматикалық жәдігерлер сыйға берілді»
    - Шыңғысхан атымен соғылған алтын динар,
    - «Тарихты түлетуге жасалған жомарттық» тақырыбында музейлерге сый жасау мен оның тарихи танымды қалыптастырудағы маңызы атты мақалалар жарияланды.



«Күстүмсық-жүзіктің әсемі де әдемісі» атты мақала дайындалып ұсынылды.

**«Қожа Ахмет Ясауи Мұрасы және Түркістан» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына:**

- «Сопылық ілімнің негізін қалаушы - Қожа Ахмет Ясауи»
- «Темуридтер мемлекетінде күміс ақшалардың салмақ және сынам стандарттары мен олардың беттеріне үстінен қайта шекімелер (надчекан) түсіру үрдісі»
- «Жәдігерлердегі өрнекті жазбалар»
- «Музей қорындағы археологиялық моншақтардың түрлері мен жасалу жолдары» атты мақалалар ұсынылып жинаққа шықты.
- 2019 жылдың 19 қазанында Қарашық ауыл әкімдігі мен «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің бірлесіп өткізген «Тарихы терең Қарашық» атты ғылыми-теориялық конференцияға «Темір әулетінің XV ғ. Қарашық мыс ақшалар көмбесі» тақырыбында мақала ұсынылып жинаққа шықты

**«Хан ордалы Сарайшық»** мемлекеттік музей қорығының ұйымдастыруымен Атырау қаласында 2019 жылы 9-11 қазанда өткен «Жошы ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттігінің бастауында» атты ғылыми-практикалық конференциясының жинағында «Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырдан XIV ғ. дейінгі ақша айналымының тарихы» атты мақала жарық көрді.

- Отырар музейінде сапар ұйымдастырылған «Отырар қалажұрты Қазақстанда археологиялық ескерткіштерді зерттеу, сақтау және пайдалану ісінің озық үлгісі» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияға «Өркениеттің дәлелі-алтын бұйымдар» тақырыбында ғылыми танымдық мақала ұсынылды.

**Музей қорындағы құнды жәдігерлердің ғылыми құжаттарын дайындау жұмыстары бойынша:**

- Қор сақтау және есепке алу бөлімінің қор сақтаушылары 365 дана жәдігерге
- Археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі - 8
- Ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкерлері - 0

Жалпы саны жыл барысында 373 дана жәдігерге ғылыми құжат толтырылды.

**Сақтау және қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша**

- 1.КК № 1456 Құмыра кішкене суағары бар, VI-VII ғғ.
2. КК №1178 Ыдыс түбі биік, б.з.д. XIV-XIII ғғ.
3. КК №2846 Құмыра кішкене бүртіктері бар, VII- VIII ғғ.
4. КК №1237 Ыдыс ернеуі алаңқай тәрізді VIII ғ.
5. КК №2858 Қазан сынығы өрнектелген: б.з.д. XVI –XIV ғғ.
6. КК №2908 Құмыра VI –VIII ғғ.
7. КК №2562 Сапты аяқ VI ғ.
8. КК №2998 Құмыра VII-VIII ғғ
9. КК №3325 Тостаған XVII-XVIII ғғ.
- 10.КК №3374 Көзе XII-XIII ғғ.
- 11.КК №3660 Ыдыс б.з.д XV-XII ғғ.
- 12.КК № 4092/б Келсап XX ғ.
- 13.КК № 694/а,б,в Бұйым бөлшегі VIII - IX ғ.ғ
- 14.КК №717 Сым бөлшегі IX ғ.
- 15.КК №1022 Қапсырма XVIII ғ.
- 16.КК №714 Әшекей белдікке арналған. IX ғ.
- 17.КК №716/1,2 Түймелер VII- VIII ғ.
18. КК № 2390 Сылдырмақ бөлігі XVIII ғ. жәдігерлері қайта қалпына келтірілді.
19. КК № 3184/б,в,г Бұйым VI ғ.
20. КК № 3036 Сырға VII-VIII ғғ.
21. КК № 3037/а,б Алқа мойын тұмары VII-VIII ғғ.
22. КК № 3169 Белгісіз зат (кір тасы болуы мүмкін) VI ғ.
23. КК № 3377, 3378, 3390 көзелер XII-XIII ғғ.



24. КК № 4183 құман IV-VI ғғ.

25. ҒКҚ №2102, 2103 күбі піспектерімен ХХғ.

Қ.Р. Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар секторының меңгерушісі А.Бекпулатованың басшылығымен жазба ескерткіштер тобынан 4 дана кітапқа реставрация жасалып, реставрация барысында бірге түптеліп кеткен екі түрлі кітапты бөліп, тағы бір жаңа кітап есепке алынды. Сонымен 4 дана жазба ескерткіш, 27 дана археологиялық жәдігер қалпына келтірілді, 4 дана этнографиялық жәдігерлерден металл бұйымдар мен ағаштан жасалған жәдігерлерді тоттан тазарту, майлау, дәрілеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы саны-35 дана жәдігерге қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Экспозициядағы және қордағы жәдігерлердің КК, ҒКҚ нөмерлерінің өше бастағандарын қарап шығып жаңарту қайта жазу жұмыстары жүргізілді.

Нумизматика тобынан музей қорына қабылданған кезде салынған конверттердің ескіруі мен қазіргі сақтау ережелеріне сай келмеуіне байланысты 222 жәдігердің конверттері қайта жасалып, жәдігерлердің метрологиялық, атрибутивтік және басқа да көрсеткіштері жаңа конверттер беттеріне түсіріліп, ауыстырылды.

Қор сақтау және есепке алу бөлімі, этнография тобындағы жүннен тоқылған 70 тен аса (кілемдер, киіздер, алашалар, басқұрлар) жәдігерлерді 24 маусым күні күнге жаю, желдету, тазалау орын-орынына қайта жинастыру жұмыстары жүргізілді.

Қор сақтау жұмыстары бойынша жәдігерлер сақталатын бөлмелер күнделікті желдетіліп, әр сейсенбі күні жәдігерлер мен олар жинақталған стеллаждар ылғал шүберекпен сүртіліп тазалық жұмыстары жүргізіліп отырды. Қор сақтау бөлмелерінің ылғалдылық режимі мен бөлме температурасы арнайы журналға жазылып қадағаланып отырады.

## **2.7. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және есепке алу жұмыстары бойынша**

### **Тарихи-мәдени ескерткіштердің жалпы саны – 99**

<b>№</b>	<b>Ескерткіштердің рәсімделуі</b>	<b>Жалпы саны</b>	<b>Қосымша</b>
1.	Халықаралық және Республикалық маңызы бар	21	
2.	Жергілікті маңызы бар	7	
3.	Алдын-ала тізімге енгізілгені	71	

### **Тарих-мәдени ескерткіштердің орналасуы**

<b>№</b>	<b>Ескерткіштердің орналасқан жері</b>	<b>Жалпы саны</b>	<b>Қосымша</b>
1.	Түркістан қаласы	28	
2.	Иассы ауыл округі	6	
3.	Сауран ауыл округі	5	
4.	Жібек жолы ауыл округі	8	
5.	Қарашық ауыл округі	6	
6.	Қарнақ ауыл округі	3	
7.	Шаға ауыл округі	10	
8.	Ораңғай ауыл округі	6	
9.	Ескі Иқан ауыл округі	5	
10.	Жаңа Иқан ауыл округі	2	
11.	Жүйнек ауыл округі	1	
12.	Шорнақ ауыл округі	2	



13.	Үшқайық ауыл округі	4	
14.	Бабайқорған ауыл округі	13	

### Тарихи-мәдени ескерткіштерінің типологиясы бойынша бөлінуі

№	Ескерткіштердің түрлері	Жалпы саны	Қосымша
1.	Ортағасыр, ХІХ-ХХғғ тән сәулет-құрылыс	28	
2.	Діни рухани	14	
3.	Археология	57	

**Ескерткіштерді қорғау, сақтау жұмыстары.** 2019 жылдың 14 ақпан күні Сауран археологиялық-сәулеттік кешені бойынша әзірленген қорғау аймақтарының жобасын талқылау, кеңесу үшін Кентау қаласы әкімдігімен бірлесіп жұмыс тобының отырысы өткізілді.



**Ескерткіштерді құжаттау жұмыстары.** Республикалық маңызы бар Гауһар ана, Гарнизон штабы сәулеттік ескерткіштерінің сәйкестендіру құжаттары (гос.акт) жасалынды. Гауһар ана, Сауран қалашықтарында салынатын сапар-орталықтарының (визит-центр) сәйкестендіру құжаты (гос.акт), сәулеттік жоспарлау тапсырмасы (АПЗ) дайындалды. Мәдениет басқармасынан тарапынан Республикалық маңызы бар ескерткіштердің төлқұжаттары жасалынды. «Тарихы терең Қарашық» атты ғылыми конференцияға орай «Қарашық елді-мекенінің тарихы мен топонимикасы» ғылыми сараптамалық есебі дайындалды.

**Көрме және насихат жұмыстары.** Түркістан тарихы музейінде «18 мамыр – Халықаралық музейлер» күніне және көрнекті ғалым-шығыстанушы, әдебиеттанушы, Қазақстан археологтарының ғылыми мектебінің негізін салушы Әлкей Хақанұлы Марғұланның 115 жылдығына орай «Ұлттық археологияның сардары- Әлкей Марғұлан» атты көрме өткізілді. Шараға республикаға аты әйгілі ғалым-археолог, білікті ұстаз, ҚР Мәдениет қайраткері - Нұртаза Алдабергенов пен өзге де белгілі ғалым, археологтар, музей қызметкерлері мен студенттер, БАҚ өкілдері қатысты. Салтанатты шарада Әлкей Марғұланның шәкірттері Нұртаза Алдабергенов, Марат Тұяқбаевтар ілімге толы ұстаз өнегесі жайлы естеліктерімен бөлісіп, ақындық қырына да тоқталды. Осы орайда, Нұртаза Алдабергенов Әлкей өлеңдерін қорық-музей қорына табыстады.





Бөлім инспекторы С.Салходжаев Әмір Темір атындағы №3 және Хамза атындағы №2 жалпы орта мектептерінде «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі аумағында орналасқан ескерткіштер» тақырыбында танымдық сабақ өткізді.

2019 жылдың 27 қыркүйек күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК мәжіліс залында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Дін мәселерін зерттеу орталығы» КММ мамандарымен «Дін және діни экстремизм» тақырыбында кездесу өтті.



Кездесу барысында «Дін мәселерін зерттеу орталығы» КММ-нің директоры міндетін атқарушы Медет Халықов тарапынан «Деструктивті діни ұйымының психологиялық портреті» тақырыбында баяндама жасалды және бейне материалдар көрсетілді. Баяндамада қазіргі қоғамдағы дәстүрлі дінге жат діни ағымдардың ұстанымдары мен ерекшеліктері жайлы жан-жақты түсіндірілді. М.Халықов қорық-музей қызметкерлері тарапынан қойылған

сұрақтарға нақты мысалдар келтіре отырып жауап берді.

**Барлау жұмыстары.** Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің 04.01.2019 жылғы №2-11 санды хаты негізінде Түркістан облысының әкімшілік-іскерлік орталығының 1000га жер аумағына Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және есепке алу бөлімінің мамандары археологиялық сараптама жұмыстарын жүргізді. 2019 жылдың 7-13 қаңтары аралығында жүргізілген барлау жұмыстары барысында Түркістан қаласының шығыс және оңтүстік-шығыс бетіне салынуы жоспарланып отырған Түркістан облысының әкімшілік орталығы, тұрғын үйлер, қоғамдық құрылыстар, мәдени және спорт кешендері орналасатын аумақта тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау, есепке алу және тіркеу мақсатымен археологиялық және тарихи ирригациялық барлау жұмыстары жүргізілді.



Түркістан қаласының Рухани-мәдени орталығында салынатын «Қожа Ахмет Ясауи музейі» және «Визит-центр» құрылыстарының ішкі жобасының орналасуына байланысты түсіндірме жазба әзірленіп, Мәдениет және тілдерді дамыту, Сәулет және қала құрылысы басқармаларына берілді.

**Қорықшылар жұмыстары:** Белгіленген аймақтардағы тарихи ескерткіштерді бақылау қатар Сауран қалашығы, Үкаша ата кесенесі мен құдығы, Жүсіп ата және Гаухар ана кесенесі ескерткіштерінде қызмет жасайтын қорықшылар ескерткішке келуші туристер мен зияратшылардың есебін жүргізіп отырады.

Үкаша ата кесенесі аумағында «Үкаша ата тарихы» музейі ашылды және құдық басындағы автотұрақ маңынан келушілерге әжетхана салынды.



Жүсіп ата кесенесі аумағында жергілікті тұрғындардың демеушілігімен автотұрақ, әжетхана және кесенеге баратын аяқжол (тротуар) салынды, қақпасы және сыртқы қоршауы жаңартылды.



Гаухар ана кесенесі аумағындағы аяқжолдар (тротуар), жуыну бөлмесі жөндеуден өткізілді. Абаттандыру жұмыстарына байланысты қорық-музей аумағынан алынған шырша ағаштары қайта егілді.





Қорық-музей аумағындағы абаттандыру жұмыстарына байланысты келушілерге бағыттағыш тақтайшалар орнату жұмыстарын жүргізді. Қорық-музей аумағындағы абаттандыру және реставрация жұмыстарына бақылап отырды.





## 2.8. Имидждік өнімдері

